# МАМАН

С.СЕЙФУЛЛИН атындағы ҚазАТУ СТУДЕНТ ЖАСТАРЫНЫҢ ГАЗЕТІ

1967 жылдың 6 сәуірінен бастап шығады • e-mail: agunkatu@gmail.com • www.agun.kz • № 16 (2091) 5 мамыр 2011 жыл


*Ер есімі ел есінде*

# Ұлы Отан соғысының ардагері Рақымжан Қошқарбаевқа тағзым



**Артта қалған сол бір жылдарда Отан үшін от кешкен бабаларымыздың ерен ерлігінің жемісі – Тәуелсіз Қазақстанымыздың айбарлы барысқа айналғандығын бүкіл Еуропа мен Азияның мойындауы болып табылады.**

**Жыл өткен сайын сұрапыл соғыста қан кешкен ардагерлеріміздің де қатары азайып барады. Біздер үшін Ұлы Отан соғысы мәңгілік жадымыздан өшпейтін тарих болып қала бермек. Жастардың таң қалатын, мақтаныш қылатын тарихы – олардың әкесі мен аталарының естеліктері.**

*Жалғасы 3-бетте.*




1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні. 1995 жылдың наурызында дүниежүзіне үлгі болып отырған, ұлтаралық татулық пен тұрақтылықтың феномені – Қазақстан халықтары Ассамблеясы құрылды. Бұл ешбір елде болмаған ерекше, саяси маңызы зор құрылым. Ассамблея 365 мүшесі, 471-ден астам республикалық, өңірлік, облыстық, қалалық ұлттық-мәдени бірлестіктері 500-ге жуық кіші ассамблея мүшелерінің бастарын біріктіріп, біздің ортақ үйіміз – Қазақстанда шынайы достықты қамтамасыз етіп келеді. Бүгінде әрбір ұлтқа салт-дәстүрлерін жаңғыртуға, мәдениеті мен әдебиетін дамытуға, тілінің жетілуіне қамқорлық көрсетілуде. Осының бәрі Елбасының қоғамдағы азаматтық ынтымақтастық пен ішкі саяси тұрақтылықты сақтау стратегиясын дұрыс таңдап, ұлтаралық қатынастарды реттеудің тиімді тетіктерін жасай білуінің арқасында мүмкін болуда.

Мемлекет құраушы халық ретінде қазақ халқы елдегі этносаралық бірлік пен келісімнің сақталуына қалай жауапты болса, басқа этностар да мемлекеттің алдында өз жауапкершілігін соншалықты сезінуі қажет.

**Әзірлеген: агрономия факультетінің студенті Мухаметхали Табысхан**

## БҮГІНГІ САНДА


КАФЕДРАНЫҢ АЛҒАШҚЫ МЕРЕЙТОЙЫ 2-бетте

15 СӘУІР ҰЛТТЫҚ ҒАШЫҚТАР КҮНІ 4 -5-беттерде

ЖАРАЙСЫҢДАР, СӘУЛЕТШІЛЕР! 7-бетте

АУЫРЫП ЕМ ІЗДЕГЕНШЕ, АУЫРМАЙТЫН ЖОЛ ІЗДЕ 8-бетте



УЧИСЬ ПРИНИМАТЬ РЕШЕНИЯ! 9-бетте



ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ 11-бетте



МЕЖДУНАРОДНАЯ СТАЖИРОВКА 12-бетте

## Автожауапбергіш



**ӘБДІХАЛЫҚОВА Дәмелі Кенжешқызы**
**С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті Қаржы-экономикалық бөлімінің бастығы-бас бухгалтер:**

**– Уақытты кері қайтаратын мүмкіндік болса өз өміріңізде қайта түзеткіңіз келетін сәттер бар ма?**
– Өміріме еш өкінішім жоқ.

**– Қандай жаңалық ашар едіңіз?**
–Жаңалық ашу жоспарымда жоқ.

**– Бақытты болу үшін қанша ақша керек?**
– Бақыт ақшамен өлшенбейді.

**– Лоторея ойындарында жеңіске қол жеткізген кезіңіз болды ма?**
– Лотереяға қызықпаймын.

**– Сіз мақтан тұтатын әрекетіңіз?**
– Әр кез айналамдағы адамдарға ұстамдылық, байсалдылық, ізгілік танытуарқылы қолымнан келгенше жақсылық жасау.

**– Қандай жағдайда ашуланасыз?**
– Ашу шақыруды құптамаймын.

**–Адамзат бойындағы сізге ұнайтын және ұнамайтын қасиеттер?**
– Ұнайтыны: адалдық, шыншыл болу, қателігін мойнымен көтеру. Ұнамайтыны: жағымпаздық, өтірік айту, жауапсыздық, екіжүзділік.

**– Өзіңізге көңіліңіз тола ма?**
– Көңілім толады.

**– Сіздің жауыңыз?**
– Жауым деп айтуға келмейтін шығар, дегенмен көп жағдайда аңқаулығымнан таяқ жейтін кездерім болады.

**– Автожауапбергішке (автоответчик) қандай хабарлама қалдырар едіңіз? (досыңыз, жақыныңыз, сүйіктіңіз, әріптесіңіз т.б. болуы мүмкін)**
– Әрқайсысымыз алдымызға үлкен мақсат қойып, сол мақсатқа жету үшін аянбай еңбек ете білуіміз керек. Себебі, өмір – күрес!

**«С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» АҚ-ның «Маркетинг және сервис» кафедрасы 2001 жылы ақпан айының 17 күні алғашқы біріктірілген «Агроэкономика, менеджмент және маркетинг» кафедрасы негізінен бөлініп, жаңа кафедра «Маркетинг және коммерция» атауымен құрылды. Ұйымдастырылған кезден бастап бүгінгі күнге дейін кафедра экономика бағытындағы ғылыми-білім беру бөлімшесі болып табылады.**

# КАФЕДРАНЫҢ АЛҒАШҚЫ МЕРЕЙТОЙЫ

Кафедрада алғашқы қызмет жасаған оқытушылардың құрамында: экономика ғылымдарының кандидаты, доцент Қасенов Сабыр Дәлдешұлы; экономика ғылымдарының кандидаты, доцент Балтин Батырхан Балтаұлы; экономика ғылымдарының кандидаты, доцент Жанәділов Мейрам Балтабайұлы; ауылшаруашылық ғылымдарының кандидаты, доцент Лазник Эмма Федоровна; экономика ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы Асилов Бақыт Өмірзақұлы; экономика ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы Жолмұханова Айгүл Жахияқызы болды.

Кафедра меңгерушісі қызметінде 2001-2002 жж. Қасенов Сабыр Дәлдешұлы; 2002-2003 жж. Көмекбаева Жанар Сапарбекқызы; 2003-2010 жж. Қасқатаев Нұрлан Мейрамбекұлы жұмыс істеді. Кафедраның барлық басқарушыларының оқу-педагогикалық және ғылыми-зерттеушілік қызметтер бөлімшесін дамытуда баға жетпес еңбектері зор.

Кафедра өзінің ғылыми мектебін құрды, соңғы жылдары ғылыми кандидаттар қатары Б.Ө.Асилов, А.Ж. Жолмұханова сияқты университет түлектерімен толығуда. Профессор Б.Е. Рүстембаевтың жетекшілік етуімен Т.К.Қуанғалиева, Г.К.Дамбаулова, К.Сарықұлов, Т.А.Закарьянов, магистрант У. Юсупов, Н.Б. Бұлашев кандидаттық диссертацияларын қорғады.

Бүгінгі таңда аталмыш ғылыми мектеп жаңа сапалы дәрежеге көтерілуде. Ол «С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ» АҚ-ның түлектері қатарындағы жас талантты ғылыми-оқытушылар санымен кеңейіп, толығуда. Кафедрада оқыту үдерісі мемлекеттік және орыс тілдерінде жүргізіледі. Кафедра жеке бөлініп шыққаннан бері барлық мамандықтарға «Маркетинг», «Баға қалыптастыру» сияқты пәндерден сабақ жүргізуде. Кафедраның барлық қызметкерлері студенттерді кәсіби пәндер бойынша мемлекеттік емтихан тапсыруға дайындауда және университеттің барлық факультеттерінің мемлекеттік төрағалық жұмыстарына белсенді қатысады.



Кафедраның білім беру жұмысы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 02.07.2008 жылдағы АБ № 0062189 сериялы мерзімсіз лицензиясына сәйкес жүргізіледі. Студенттерге 4 жыл оқығаннан кейін «Маркетинг» мамандығы бойынша «Маркетинг» бакалавры, ал «Тұрмыстық қызмет және сервис» мамандығы бойынша «Тұрмыстық қызмет және сервис» бакалавры біліктілігі беріледі.

2010-2011 жылы «Маркетинг» мамандығы бойынша күндізгі оқу бөлімінде 99 студент, олардың 15-і мемлекеттік тілде білім алуда.

Осы оқу жылында кафедрада 11 оқытушы жұмыс істейді. Олар: бір ғылым докторы; 4 экономика ғылымдарының кандидаты; 2 аға оқытушы; 2 магистр ассистент және 2 оқу-көмекші қызметкер.

Кафедра қызметкерлерінің оқытушылық құрамын тұрақтандыру үшін кадрлар әлеуеті дәрежесін жоғарылату және жас мамандарды тарту үлгісінде үздіксіз жұмыстар жүргізіліп отырады.

Кафедра оқытушылары біліктіліктерін, білім деңгейлері мен тәжірибелерін тереңдетіп және жоғарылату мақсатында біліктілікті көтеру курстарынан өтіп отырады. Атап айтсақ: Қарағанды қаласы Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ БКФ; Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ.

2007 жылдың қаңтарынан бастап Қасқатаев Н.М. ҚР Білім және ғылым министрлігінің «ЖОО үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының иегері болды.

Соңғы 5 жылда кафедра оқытушыларының өсуі тек кәсіби оқытушылық жағынан ғана байқалмайды, сонымен бірге ғылыми-зерттеу жұмыстары жағынан да оң нәтиже беруде.

2009 жылы «Маркетинг» мамандығы бойынша магистратура ашылып, осы жылы магистратураға 2 студент қабылданды.

Осы аталғандардың барлығы кафедра мерекесіне арналған ПОҚ, студенттер, экономикалық факультет деканы э.ғ.к., доцент А.С Исмаиловтың қатысуымен өткізілген кездесу барысында да айтылды. Басқарма төрағасы университет атынан кафедраға ерекше еңбегін сіңірген Балтин Батырхан Балтаұлының қызмет етіп жүргеніне 50 жыл толуына байланысты құнды сыйлықпен және құрмет грамотасымен марапаттады. «Маркетинг және сервис» кафедрасының 10 жылдығына арнап қабырға газеттерінің байқауы өтті. Олардың ішінде үздік таңылғандары құрмет грамоталарымен марапатталды. Студенттердің ұйымдастыруымен қонақтарға арналған шағын концерттік бағдарлама ұйымдастырылып, соңы кафедра оқытушылары мен студенттері арасында өткізілген тартысты спорт ойындарымен жалғасты. Кафедраның алғашқы мерейтойы өз дәрежесінде өткізілді.

**Кафедра меңгерушісі**
**профессор Б.Рүстембаев**

Ер есімі ел есінде

# Ұлы Отан соғысының ардагері Рақымжан Қошқарбаевқа тағзым



*Жалғасы. Басы 1- бетте.*

Сіз өзіңіздің басыңыздан адам сенгісіз қиындықтырды өткізіп, 360 метр жерді жеті сағатта өмір мен өлімнің арасында еңбектеп барып, Кеңес Одағының туын Рейхстагтың қабырғасына қадауыңыз шексіз батырлық іс емес пе? Елін сүйген ер ғана осындай көзсіз ерлікке барады емес пе? Сіз ерлігіңізбен де, өрлігіңізбен де келешегіңізге азаттықтың ақ туын мәңгіге тұғырын берік етіп қадап кеттіңіз. Сол үшін де біздің өзіңізге айтар алғысымыз шексіз.

Өзіңіз ардақ тұтып, қасық қаныңыз қалғанша күрескен қазақ елі бүгінгі таңда Азиядағы айбынды елге айналды. Бүкіл дүниежүзі Тәуелсіздігімізді мойындап, көк байрағымыз тек биікте желбіреді. Есіл бойында еңселі Елордамыз Астана қаланды. Еліміздің еңсесі биік, тұғыры берік болуына билік тұтқасын ұстаған елбасымыздың қосқан үлесі өте зор. Біз осындай келешегі кемел де жарқын елдің бақытты ұландарымыз! Елбасымыздың «Ел болашағы – жастардың қолында» деген сенімін ақтау барысында біз де елімізге өз үлесімізді қосқымыз келеді. Тәуелсіз еліміздің, бейбіт заман ұландары екенімізді мына жыр шумақтары арқылы жеткізгім келеді:

Біздер –мына бейбіт заман ұланы,
Күн астында ұшқан бала қыраны
Армандаған бейбіт күннің белгісі
Көк байрақпен бірге қалқып тұр әні.

Тарихпен кетті алыстап мұң – қайғы.
Егеменді елім барда-
Бізде қайғы болмайды.
Бейбітшілік ер бабаның қанына өскен қызыл гүл
Қызыл гүлім енді мәңгі солмайды.

Өзіңіздің кітабыңызда жазғандай: «Рейхстагтың табалдырығына табанымыз тиді-ау, деген кезде «Аман қалдық па?» ... дегендей оймен Григорий екеуміз бір-бірімізге қарастық. Екеуміздің де көзімізге жас келді. Денеміздегі әлсіз дірілді сездірмеуге тырыстық. Бұл негізі толқу, қуаныш сезімі. Осындай жағдайды басымнан өткізгенім үшін өзімді бақыттымын деп есептеймін. Менің денеммен жылынған қызыл мата Рейхстагтың қабырғасына ту болып тігілгені үшін де бақыттымын», - деген сөздер біздің патриоттық сезімімізді шарықтата түседі. Осының барлығын мойымай басыңыздан өткерген қайсар мінезіңіз бен табандылығыңызға таң қаламыз да тағзым етеміз.

1999 жылы мамыр айында Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өзінің Жарлығымен өзіңізге «Халық қаһарманы» атағын беріп, халқымызды үлкен қуанышқа бөледі.

Біз сіздей ұлыларымызды әрқашан құрметтеп, бас иеміз. Сіздей батырлар жүз жылда бір-ақ рет туады. Өзіңіз Рейхстагқа тіккен ту бүгінгі таңда азаттықтың зор мәртебесіндей көк аспанның төрінде, алтын күнмен таласа, қыран құспен жарысып желбіреп тұр. Біз оның төмендемеуіне сіздің рухыңыздың және осы жеңісті бізге сыйлаған басқа да ардагерлеріміздің алдында ант береміз!

**Аягөз Қазанбаева,**
**ВжМШТ факультеті**
**2 курс студенті**

## СРОЧНЫЙ ПРИЗЫВНИК

Возле вагона, что не оправданно велик,
Целуя мать и свою младшую сестру,
С улыбкой горестной срочный призывник
Всем обещает, что пройдет живым войну.

Всем обещает, но не может врать себе,
И то что гложет сердце, хочет скрыть от глаз,
Ему всего то там, семнадцать лет,
Но говорят, мужчиной стал как раз.

Родные стены на прощанье потеплели,
Родные запахи, стали так приятны,
Теперь лишь только вонь от пороха и пыли,
И вы не сыновья, - солдаты.

То что погубит, только часть обиды,
Лучше сто раз погибнуть чем видеть смерть друзей,
Но здесь не спрашивают, кому какую мину,
Сражаясь жди очереди своей.

Возле вагона, что не оправдано велик,
Целуя мать и свою младшую сестру,
С улыбкой горестной срочный призывник
Всем обещает, что пройдет живым войну.

**Айтекенов Азамат,**
**студент 2 курса**
**Архитектурного факультета**

## МАЙДАНГЕРЛЕР

Қан майданның жүректе жарасы бар,
Қайғысы мен зілі бар, наласы бар.
Арамызда жүретін алшаң басып,
Ардагерлер азайып барасыңдар.

Қастерлейді халқымыз қаһарманын,
Жүр есінде сан жарық, сапарларың.
Қайран ерлер, қаһарман ардагерлер,
Қалды-ау сиреп бүл күнде қатарларың.

Ерлік сүйген еліңе салтың ұнар,
Жүздеріңде жанған от жарқылы бар.
«Соғыс» деген салмағын жалғыз сөздің,
Бүгінгі ұрпақ өздерің арқылы ұғар.

Жасқанбаған жауынан жарақты ер,
Ерлігіңді аңыз ғып таратты ел.
Қаһармандық дегенді кейінгі ұрпақ,
Жүздеріңе сендердің қарап білер.

Дарқан мінез, дария ой, дара шыңдар,
Жарқын жүзді, жүрегі ақ, жаны асылдар.
Арамызда жүретін алшаң басып,
Майдангерлер азайып барасыңдар.

**Махмұтбай Әміреұлы**

# 15 сәуір Ұлттық ғашықтар күні



В рамках работы клуба Любителей французского языка был проведен вечер, посвященный Дню влюбленных в Казахстане. В конкурсе принимали участие студенты первых курсов нашего университета. У каждой команды был свой неповторимой стиль, который показал зрителям, какой разнообразной может быть Франция. Ре-



пертуар студентов удивлял и восхищал одновременно, зрители увидели интересные сценические постановки разных жанров. В этот вечер на сцене звучали знаменитые французские песни Шарля Азнавура, Эдит Пиаф, Мирей Матье, Джо Дассена и др., а также студенты исполнили рэп-композицию собственного сочинения на 3-х языках: казахском, русском и французском. Мы услышали песню великого Абая «Көзімнің қарасы» на французском языке, в исполнении хора технического факультета. Ля шармом нашего романтического вечера стала пара ведущих: мадмуазель Кукушкина Александра и месье Рзаев Бахтияр.

Во время вечера были использованы видео-ролики, каждый номер сопровождался слайд-шоу. Студентами факультета КСиПО для этого вечера был снят короткометражный фильм при содействии телеканала «Хабар». Студенты всех факультетов подошли к подготовке к конкурсу с большим интересом и энтузиазмом. Своими блистательными номерами студенты показали свою любовь к богатой французской культуре и французскому языку.

Зрители с восторгом приняли выступления технического, землеустроительного и энергетического факультетов.

Учебный год в университете насыщен различными внеаудиторными воспитательными мероприятиями. Мероприятие, организованное клубом любителей французского языка в рамках празднования Дня влюбленных прошло на очень хорошем уровне. Каждая команда отличилась оригинальностью. Команда технического факультета построила свою программу в виде театрализации. Девушки землеустроительного факультета блистали в красивых платьях с отличительными от всех аксессуарами. Команда экономического факультета в своем видео представила любимую тему студентов - биокорпус: нет лифта … Ведущие энергетического факультета участников концерта представили в талантливой стихотворной форме. Факультет КСиПО свою красивую историю любви представил в видео, на площади «Байтерека».

Пользуясь случаем, хочу поблагодарить руководителя клуба любителей французского языка Елену Балтабековну Тяжину за креативный подход к проводимым ею мероприятиям. Хочу поздравить всех с днем влюбленных!

**Шаяхметова Б.М. старший куратор университета**





Бес факультеттің (техникалық, жерге орналастыру, экономикалық, энергетикалық, КББжКЖ) студенттерінің қатысуымен өткен бұл кеште француз тілінде әндер жырланды, эмоцияға толы би биленді, атақты Ш.Гюгоның шығармаларынан сахналық көріністер қойылып, қазіргі заман жастарының махаббат туралы ойлары мен түсініктері бейнетаспаға түсірілген сюжеттерден көрініс тапты.

Бір сағатқа созылған бұл кеште біз Франция елінің рухани өміріне саяхат жасап қайттық. Аталмыш іс-шараға студенттердің үлкен қызығушылықпен, жауапкершілікпен атсалысқаны көрінді. Оқу үрдісімен қоса, әлемдік өркениетте өзіндік орны бар Франция елінің рухани, мәдени өміріне шолу жасап, махаббат туралы студенттердің санасында француз классиктерінің «тілімен» дұрыс ойды қалыптастыруға бағытталған бұл тәрбиелік іс-шараның мәні зор деп білемін. Алдағы уақытта да осындай кештер өте берсін деген тілек білдіремін!

**Қазақ тілі кафедрасының оқытушысы Ж.Қ.Жолмұрат**

При слове «Франция» ощущаешь легкий аромат изысканных французких духов, мелодии песен Эдит Пиаф, Шарля Азнавура, Мирей Матье, Джо Дассена... Перед глазами промелькнут эпизоды французских фильмов и выстроятся в ряд на воображаемую книжную полку томики Виктора Гюго, Оноре де Бальзака, Стендаля, Жорж Санд...

Как член жюри, я, после жарких споров и вручения дипломов, как зритель хочу отметить костюмы команды землеустроительного факультета и вокал Гафуровой Айнур.

Профессиональность фильма КСиПО, в котором аналогия Эйфелевой башни нашему Байтереку вызвала в сердцах присутсвующих чувство глубокого патриотизма и любовь к Астане! Ночная Астана ничем не уступала ночному Парижу. Огромное спасибо всем организаторам, и конечно же, идейному вдохновителю, преподователю французского языка – Елене Балтабековне.

**Гульнар Сулейменова**



Одно из конкурсных заданий вечера было «Признание в любви» на французском языке. Здесь отличились студенты экономического и энергетического факультетов и факультета КСиПО.

Благодаря этому конкурсу зрители и гости вечера окунулись в атмосферу любви и искусства далекой и привлекательной Франции.

Пока жюри решало судьбу наших команд, перед зрителями выступили гости нашего вечера команда КВН «Бешмармак».

После горячего спора высокоуважаемого жюри призовые места распределились следующим образом:

Гран-при -Команда «Сердца открытые любви - Les coeurs ouverts pour l'amour » технического факультета;

1-место - Команда «Париж - Paris» землеустроительного факультета;

2-место - Команда «Романтика – le Romantique» факультета КСиПО;

3-место - Команда «Надежда на любовь – Espoir pour l'amour» экономического факультета и команда «Формула любви- la Formule de l'amour» энергетического факультета.





Руководитель Клуба любителей французского языка выражает огромную благодарность всем участникам конкурса и членам жюри: председателю жюри старшему куратору университета Б.М.Шаяхметовой, редактору учебно-методической литературы Г.Е.Сулейменовой, к.ф.н., старшему преподавателю кафедры Истории Казахстана А.К.Апбасову, старшему преподавателю кафедры английского и французского языков М.И.Байгашкаровой, магистру, преподавателю кафедры казахского языка Жолмурат Ж.К., преподавателю кафедры английского и французского языков А.Ж.Бейсеновой.

Қазақстандағы ғашықтар күніне арналған «Махаббат кеші» атты салтанатты іс-шара өз дәрежесінде өтті. Аталған мереке барша жиналған қауымға үлкен әсер қалдырғаны сөзсіз. Себебі кештің барша қойылымдары өз дәрежесінде орындалып, әрбір қатысушы өз міндетіне ерекше көңіл бөлгенін дәлелдеді. Командалар көрермендерге әсем ән мен тәтті күй арқылы қуаныш сезімін сыйға тартты. Менің ойымша, біздің қазіргі жастарға аталған кеш үлкен ой салып, келешекте француз тіліне деген өз көзқарасын қайта қарауға мүмкіндік берді деуге болады.

**Вице-президент Клуба**
**Любителей французского языка Рзаев Бахтияр**

В ходе работы Клуба любителей французского языка, изучая все тонкости языка, мы узнали много о богатстве культуры, о творчестве многих певцов, актрис, поэтов, о политических деятелях и отношениях наших государств, т.е. Казахстана и Франции.

Вечер «Soiree de l'amour» было посвящен Дню влюбленных в Казахстане. Франция, как страна богатая поэтами и писателями, которые веками воспевали это великое чувство, просто не могла обойти стороной такое событие. И мы – студенты, активно принимали участие в этом вечере. Нам нужно было раскрыть тему ЛЮБВИ, и думаю, что у нас это получилось неплохо. Участие в межфакультетском конкурсе подарило множество ярких и только положительных эмоций! Надеемся на то, что подобное мероприятие проводится не в последний раз. Потому, что это интересный творческий процесс, при котором расширяется кругозор и лингвистические познания.

Любите и будьте любимы…

**Студенты первого курса технического факультета**
**Кайргазина Назигуль и Тусыпова Жулдызай**





# Махаббат - сезімдер патшасы

*Махаббат – зор саналылықтың, білгір-білімділіктің, асқан ақыл-ойдың жемісі емес, ол – тек жерде ғана өмір сүретін, бірте-бірте архаизмге айналатын, туыу бар, өсіп-өнуі жоқ көзге көрінбей мәңгі жасайтын бейнесі белгісіз Дара ұғым.*

***Оралхан Бөкей***

Ғашықтық, бұл – махаббаттың шектен шыққан деңгейі. Бұл ізгілікпен де, азғындықпен де болады. Яғни, ғашықтықтың бәрі жаман, әдепсіздік емес. Ғашық адам ізгілік, тазалықпен ғашық болуы мүмкін. Сондай-ақ азғындық, ұятсыздықпен де ғашық болуы мүмкін. Махаббат сияқты ғашықтық та адам баласы әмір ете алмайтын жүректің ісі. Бірақ адам баласы оның орын алуына себепші болған харам істер үшін жауап береді. Егер адам ізгілікпен ғашық болып, оны жасырып өтетін болса, онда оған сауап болады. Махаббат деген адам жүрегіне қадалған мәңгілік оқ. Адам өмірінде тек бір-ақ рет шын жүрегімен, жан-тәнімен сүйеді. Адамдар махаббат арқылы өмірдің қызығын, өмірдің сондай қатаң да өте қызықты екенін көреді.

Махаббат әрине ұлы сезім. махаббат жоқ деп айтатын адамдарды түсінбеймін. Біреуге ғашық адамдар өзін өте бақытты сезінеді. Ал сүйгені жоқ адам, бұл сезімді басынан өткеріп көрмеген адам өмірді мәнсіз деп есептейді.

Махаббат- ол үлкен құдіретті күш! Махаббат ол - сенім, махаббат ол - гүл, махаббат ол - асыл ана, махаббат ол - сенімді дос, махаббат ол - ажал, махаббат ол - шексіз бақыт, махаббат ол - түпсіз қиял, махаббат ол - отан, махаббат ол - адал жар, махаббат ол - адамды еріксіз өзіне бағындыратын, еркіңнен тыс арманға апаратын, жүрегіңнің төрінен орын алған, адам психикасына ерекше өзгеріс енгізетін, адам сөзбен айтып жеткізе алмайтын Ұлы сезім. Шын сүйе білген жан ғана бақыт баспалдағымен көтеріліп, қызықты өмір кешеді. Мәнді махаббат - сәнді өмірге апарар тура жол. Ендеше өмірде бірінбірі сүйген жұптар, айнымас асыл қасиетті адамдар, баянды махаббат мол болғай!

**Рыспаева Айжан**
**Экономика факультетінің**
**3 курс студенті**

## МАХАББАТ – ӨМІРДІҢ ҰЛЫ СӘНІ

Махаббат – адам жүрегін нұрлы қуанышқа бөлеп, рухына қанат беретін ең күшті, ең тұрақты, ең асқақ сезім. «Құрбандықтан қорықса, оның иесі махаббат!» - деп орыс ғұламасы А.П.Маресьев дұрыс айтып кеткен екен. Себебі өздерінің махаббаты үшін жанын құрбан қылған ғашықтар көп. Нақты айтқанда, Қалқаман-Мамыр, Еңлік-Кебек, Лэйлі-Мәжнүн, Қозы Көрпеш-Баян Сұлу, Қыз Жібекпен Төлеген, атай берсең ғашықтар санына жетпеспіз. Бұл ғашықтар махаббаты шынайы, адал, мөлдіреген пәк сезім. Шынайы махаббаттың белгісі шын сүйген адамына ешқашан да жамандық ойламау. Шынайы махаббат сезімі бойын кернеген адам бақытты, жігерлі, құдіретті. Себебі махаббаттың бойындағы адамгершілік, адалдық, инабаттылық, имандылық, ерлік, мейірімділік адам баласын мың құбылтып, мың құлпыртады.

Махаббат – өмірдің мәні, жұпар шашқан гүлі, тамылжыған ән жыры. Ғашықтарға айтарым: махаббаттарың шынайы, өмірдің қандай да соққысына төтеп бере алатындай болсын.

**Ақерке Хұрметбек,**
**Агрономия факультетінің**
**1 курс студенті**

# Наргиза



Девочка задумалась… Затем, высунув кончик языка, стала рисовать. Вооот так. А это буря. Она налетела, срывает нежные зеленые листочки. Черный карандаш в руках у девочки быстро-быстро двигается, насупленные бровки раздвигаются, глаза уже горят как звездочки: «А вот солнышко пригрело, оно растопило своими жгучими лучами бурю и дождичек, пусть вот из этой уплывающей тучки, смоет последние следы бури. И листочек - нежный росточек потянулся к солнышку. Спасибо тебе, солн…»

- Наргиз! Наргиза!!! Противная девчонка, сколько можно кричать на тебя! У других дети как дети, а эта … ну, дура, есть дура. Оглохла что ли? Иди помой посуду, кому говорят!

Наргиза вскочила сразу, побежала на кухню. Взяв тарелку в руки, она сказала: «Эх, ты бедняжка моя, и тебя буря испачкала? Ну, потерпи, сейчас… вот теперь ты солнышко, а не грязнуля. Солнышко, солнышко!» она подняла тарелку, но, ударившись о кафель, тарелка упала и сломалась.

- Ах ты, гадина такая! Ну что мне с ней делать-то! Вон у Каримы апа дочка в первом классе учится, а какая уже помощница, все делает, а ты на целый год старше ее, а тупая тупица, дура!

Мать с силой оттолкнула дочку: «Дай сама вымою, наказание!». Наргиза отошла к окну, на глаза навернулись слезы. Посмотрела в окно и увидела зеленую веточку тополя. Листочек будто махал ей: «Не плачь, не плачь, Наргиза. Смотри, моя веточка похожа на забавного зверюшку, смотри, Наргиза!»

- Да ну что же ты? Не слышишь что ли, Наргиз? Иди покачай братишку, поиграй с ним. И в кого такая уродилась? Сейчас освобожусь, так побью, что не ахнешь, идиотка такая!

Вздрогнув, девочка побежала в комнату к младшему грудному братишке.

На родительское собрание мама Наргизы опоздала. «Наконец-то вы пришли, Жусупова. Что же вы опаздываете»? - классная руководительница была недовольна.

- Ну, сейчас мне влетит. От этой девчонки все можно ожидать. Идиотка, и здесь меня подведет – пронеслось в голове у женщины.

- Встаньте у доски. Уважаемые товарищи! Пред вами - родители тех учеников, которые являются гордостью нашей школы, нашего класса. Особенно мне хотелось бы отметить Жусупову Наргизу, Абдуллаеву Г., Мырзаеву Н. Например, Жусупова Наргиза, эта девочка с необыкновенным творческим мышлением, креативностью, инициативой. Учится на одни пятерки и читает так много, что я не успеваю за ней, не успеваю отвечать на все ее почему. Уважаемая мама, расскажите, пожалуйста, как вы воспитываете свою талантливую девочку? Какие методы, приемы используете? Наверное, вместе читаете, обсуждаете прочитанное всей семьей, да?» - желая помочь молчавшей женщине, говорила учительница. Родителям отличников надели красные ленты и прикололи значки. А мама Наргизы все стояла и не знала о чём говорить… Перед глазами мелькали картины одна хуже другой. Вот муж пришел усталый с работы и говорит: «Наргиза, принеси чаю, да покрепче завари!». А потом вместо «спасибо» обязательно скажет: «Три часа тебя ждать надо, кулема». Или, увидев плачущего сына: «Наргиз, да что же ты за девочка такая! Мальчик же плачет, иди к нему, видишь, мама занята»,- а сам читает газету. Да и она хороша. Никогда не интересовалась дочкиными заботами, уроками, только все ругала да ругала. А за что? Откуда такое отношение к ней, к малышке беззащитной, ей ведь всего восемь лет? Ведь не мачеха же она ей! Бедная моя крошка, да как же это так? Как родился сын, так все и переключились на него, а к Наргизе стали относиться как к элементу для помощи. Женщина плакала. Удивленная учительница, желая разрядить обстановку, сказала: «Настоящие народные педагоги, деятели всегда не могли много говорить, они делают свое святое дело, а пишут про них и говорят другие. Кстати, Наргиза, такая малышка, самая лучшая художница нашей школы. Вы, молодец, мама!».

Она шла по улице и плакала: «Доченька, милая, прости свою мать. Мать ведь я тебе. Да хоть бы ты слово мне сказала, маленькая. Что же ты молчишь все время? Балапаным, жаным сол, куним менин!».

Она зашла домой вся в слезах. Муж, увидев ее в таком виде, вспыхнул: «Опять что-то не так? Да, конечно, она плохо учится, я так и знал». Мать тихо протянула грамоту, красную ленту отличника, значок. Он вопросительно взглянул на жену, затем на тихо, покорно стоящую рядом с ним большеглазую дочь. А Наргиза все ждала, что сейчас они раскричатся, сейчас побьют ее, но ничего этого не произошло… родители НАКОНЕЦ-ТО увидели свою дочь, увидели в ней ЛИЧНОСТЬ.

**Гульзамира БАУБЕКОВА**

**Сәулет өнері - мәдениеттің бір тармағы болып табылады және адам қажеттіліктерін өтеу үшін пайда болған өнер. Кейбіреулер «Сәулет - жақсы өмір сүру өнері» деген екен. Басқалар оны өнер мен материяның қосындысы деп атайды. Бірақ сәулет жайлы ең қарапайым және ең нақты сипаттама мынау: «Сәулет – белгілі бір замандағы бір қоғамның мәдени келбеті». Атақты өнертанушы Ламонт Мурдың айтуы бойынша, «сәулет - адамның пайдалануы үшін кеңістікті шектеу өнері».**




# ЖАРАЙСЫҢДАР, СӘУЛЕТШІЛЕР!

Жуырда қырық жылдан астам тарихы бар университетіміздің Сәулет өнері факультетінде 050420-Сәулет, 050421-Дизайн мамандықтары бойынша дипломдық жобаларды қорғау шарасы ойдағыдай өтіп, Мемлекеттік аттестаттау комиссиясының шешімімен түлектерге «Сәулет бакалавры» және «Дизайн бакалавры» біліктіліктері берілді.

Биылғы жылы факультет тарихында алғашқы қазақ тобы өмірге жолдама алмақ. Дипломдық қорғау барысын бақылап, ерекше мақтаныш сезімде болдым. Ешкімге құпия емес, факультетте қазақ тілді оқытушылар үлкен сұранысқа ие, мамандар жетіспейді. Сонда да болмасын, биылғы қазақ бөлімінің бітірушілері қорытынды мемлекеттік емтихан, аттестация барысында өздерінің жоғарғы деңгейдегі дайындықтарын көрсетіп, үмітімізді ақтады десек болады.

Бес жыл ішінде осы топтың жеткен жетістіктері аз емес. Факультеттің түрлі іс-шараларына белсене араласып, Республика деңгейінде өткізілген конкурстар мен олимпиадаларда жүлделі орындарға ие болды. Атап айтсақ, Жұмағұлова Ділшат, Накипов Бауыржан 4 жыл бойы университеттің Жастар ісі жөніндегі комитеттің белсенді мүшелері болып, түрлі конкурстар мен байқауларда өздерін танытса, Жапанов Қасымхан, Карабаев Ғани, Абдуллин Диас, Сембин Мұхтар «Сәулеттік жобалау», «Сәулеттік ортаның дизайны» пәндерінен Алматы қаласында өткен Республикалық олимпиадаларда шығармашылық потенциалдарын көрсетіп, жүлделі орындардың иегерлері болды, Тоқтамысов Бақтияр 2010 жылғы «Жаңа жылдық безендіру» байқауына белсене араласып, жүлдеге ие болды.

**Факультет деканы, сәулет докторы, профессор А.А. Корнилова:** «Әрине, проблема әлде де бар, биылғы түлектерден зор үміт күтемін. Жоспарымызда осы бітірушілердің арасынан түлектерге магистратураға мақсатты жолдама беріп, болашақ кадрларымызды даярламақпыз. Қазақ бөлімі мемлекеттік аттестаттау комиссиясының жоғарғы бағасын алып, биылғы дипломдық жобалау барысы мен қорғауда жақсы нәтиже көрсетті», - деді.

**Сәулет кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарушы аға оқытушы Т.А.Киселева:** «Дипломдық жобаларды қорғау өз дәрежесінде өтті. Бірінші рет қазақ тілінде 13 студент өз жобаларын қорғап шықты. Әсіресе, Карабаев Ғани, Сәрсембай Алтын, Жұмағұлова Ділшат, Жапанов Қасымхан, Ашимов Талғаттың қорғаулары мазмұнды, мәнді өтті деп айтуға болады. Түлектерге алған білімдерін өмірде қолданып, әрдайым сәулеттік жобаларын іске асыра берсін демекпін. Оған білімдері де, шығармашылық ойлауы да жетерлік», - деп пікірін білдірді.

**501 топтың кураторы, сәулет өнері кафедрасының аға оқытушысы Ө.Д.Исмаилов:** «Түлектерге ақ жол тілеймін. Ұлттық кадрлар болып саналатын осы топқа Қазақстанның сәулет өнерін дамытып, еліміздің гүлденуіне үлестерін қоса алатындай биіктерден көріне берсін демекпін».

Түлектерге ақ жол, армандарының орындалуын тілейміз. Факультетке гүлдену, оқытушыларға шығармашылық табыс тілеймін.

**А. Исмаилова,**
**сәулет өнері факультеті деканының орынбасары**

# В ДОБРЫЙ ПУТЬ, ВЫПУСКНИК 2011!

Юбилейном году Независимости Республики Казахстан на старте выпуска находится моя родная 401 группа энергетического факультета. За годы, проведенные вместе с ней, я полюбила каждого моего подопечного. Каждый их экзамен приносил мне волнения, мне не были безразличны их оценки по дисциплинам, поступки. В любое мероприятие, проводимое с ними, я старалась вкладывать весь свой педагогический опыт, хотела, чтобы каждое мгновение со мной давало им пользу, прививало профессиональные навыки, учило мыслить, нравственно улучшало их.

Я горжусь студентами моей группы Жунусовой Макпал, Абдукаримовым Бауыржаном, Абдиевой Айсулу, Жаналиной Раушан, завершающими учебу в университете только на «отлично». С хорошими результатами в учебе подошли к окончанию университета Дуйсенбаев Нуржан, Амрин Кайрат, Кубекбаева Жанна, Сатыбалдиев Айдос, Нургалиева Айгерим, Шайыков Бекзат. Особо выделяли мои коллеги знания, воспитанность, дисциплинированность Жунусовой Макпал и Дуйсенбаева Нуржана. В силу своей природы близко держались возле меня мои девочки, тянувшиеся ко мне за материнским советом. На моих глазах стали хозяйками семейного очага Тельгазиева Айгерим и Заурбекова Дарига. Вопросы, решаемые в стенах их семей также стали близкими для меня. Помогала адаптироваться в коллективе группы, прибывшим в группу на втором курсе, Мурат Берику и Бектыбаеву Диасу. Вместе со студентами познакомилась с родителями, что позволяет мне расширять круг знакомств, переходящих в некоторых случаях в приятельские отношения. Живя жизнью моих подопечных, я пополняю свой жизненный багаж, учусь на своих ошибках и стараюсь не повторять их в последующих группах. Руководство группой является для меня своего рода школой повышения педагогического мастерства. Как видите, кураторство каждой группой становилось для меня ступенью моего роста как воспитателя.

В добрый путь, мои ребята! Старайтесь приложить все свои знания в будущей работе! Будьте успешны, трудолюбивы! Знайте, за вами стоит наш коллектив кафедры, факультет, университет! Будьте достойны нашего доверия к вам!

**Куратор**
**С. Баймагамбетова**

●ТӘНІ САУДЫҢ - ЖАНЫ САУ

**«Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде » дейді халық даналығы. Емі табылған сайын, емсіздері көбейіп кеткен, жан алатын алдамшы «аурулар әлемімен» жанталаса күресіп жатқан, бүгінгі қоғамда, біздің маңымыздағы балғын жігіттеріміз бен балауса қыздырымыздың денсауық жағдайы қандай?**

# Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде

«Сақтансаң сақтаймын» дегендей, мыңдаған оқытушылар мен студенттер қауымының денсаулық жағдайы қандай деңгейде, оқу орнының сақтық шаралары қандай? Ел ертеңі жастардың қолында екені рас болса, сол жастардың дені сау болуы үшін университет тарапынан қандай жұмыстар атқарылуда? Міне осындай көкейде жүрген сұрақтарды бір түйіндеп тастау үшін университеттегі медициналық пункттың жауапты қызметкері Байдалинова Зауреш Мұхамедияқызымен жүздескен едім. Ақ халаттыларға лайық ақ жарқын көңілімен жарқылдай қарсы алған, мейірімді апаймен бірден қызу сұхбаттасып кеттік.

**- Зауреш Мұхамедияқызы, білім ордасында студенттердің денсаулығын қадағалайтын арнаулы медициналық қызмет көрсету орындары бар ма? Бар болса, оның жұмысы жайлы мәлімет беріп өтсеңіз?**

- Әрине, университетте оқу орнының кез келгенінде кездесе бермейтін тамаша медициналық пункт жұмыс істейді. Оқу орнымен қатар жасасып келе жатқан бұл жұмыс орны, қазіргі таңда өрісін кеңейтіп, медициналық орталық болып құрылып жатыр. Мен мұнда 2006 жылдан бері жұмыс атқарып келемін. Медпункттың негізгі мақсаты – студенттердің денсаулық жағдайын қадағалау, қауіпті және жұқпалы аурулар қатарына жатқызылған аурулармен, студенттер арасында алдынала күрес шараларын ұйымдастыру. Нақты айтар болсақ, ең алдымен оқу жылының басында жаңа келген талапкерлердің денсаулық жағдайы жіті қадағаланады. Олар жұқпалы аурулармен, аса қауіпті саналатын өкпе-тыныс жолдары ауруларынан таза болғанда ғана оқуға қабылданып, жатақханалардан орын беріледі. Егер қандай да бір ауру түрі байқалса, медициналық кеңес беріп, ем қабылдауына көмектесеміз. Біз оларды қалалық 3-емханаға жібереміз. Келесі бір маңызды міндет – жатақханалардың санитарлық жағдайын қадағалау. Бізге қарасты бес жатақхана районы және онда жұмыс істейтін дәмханалар мен кофеханалар бар. Бұлардың барлығының тазалық ахуалын бақылай отырып, талапқа сай болмаған жағдайда жауапкершілікке тартып, дәмханаларды сауда істеу құқығынан айырамыз. Жатақханаларға тоқталар болсақ, студент жастардың төсек орындары уақытылы жуылып-ауыстырылып тұруын, орта тазалығының өлшемге сай таза болуы, денсаулық бұрыштарының жүргізілуі сияқты жұмыстарды қадағалаймыз. Сонымен қатар, студенттер арасында да жұқпалы аурулар және оның зардабы жайлы дәрістер өткіземіз. Жылына екі рет өкпе туберкулез ауруының алдын алу үшін, рентгендік тексеру жүзеге асырылады. Біздің ең ден қойып, үлкен жауапкершілікпен атқаратын жұмысымыз да осы. Себебі «XXI ғасырдың обасы» аталған бұл дерттің жұқпалылығы жағынан болсын, адам өміріне қауіптілігі жағынан болсын, қазіргі медицина амалсыздық танытып отырғаны көпке аян.

**- Зауреш Мұқамедияқызы, студенттерге дәрігер маман ретінде қандай кеңес берер едіңіз?**

- Маман ретінде бір ғана кеңес айтайын, жеке тазалық, қоғамдық орындарындағы тазалыққа баса мән беру керек. Жұқпалы аурулар таралатын өтпелі кезеңдерде көпшілік орталарға бара бермеу. Алдын ала сақтық шараларды жасау. Суық тиюден сақтану, жылы киіну. Уақытында дұрыс тамақтану, уақыты өткен тағамдарды тұтынбау. Сондайақ, бір тал темекіні бөліп шегіп тұратындар, темекі сатып ала алмасаң сұрап шекпей-ақ, сен сол сәтте ауруды да сұрап алған болуың мүмкін. Насыбай да негізі жаман әдет болып табылады. Ал, қыздарға келер болсақ, дінімізге де, ұлтымызға да жат сүйісіп амандасу - бізге керек емес мәдениет. Ол тыныс жол ауруларының ең оңай, ең тез жұғатын жолы. Егер осындай келеңсіз әдеттер тыйылса, ауру таралуға тосқауыл қойған болар едік.

**- Әңгімеңізге рахмет, қызметіңіз табысты болсын!**

**Мәкейханұлы Айдын,**
**агрономия факультетінің**
**3 курс студенті**

# НАЦИОНАЛЬНО-КУЛЬТУРНЫЕ ЦЕННОСТИ В ВОСПИТАНИИ СТУДЕНТОВ

Недавно в конференц-зале нашего университета состоялась встреча студентов с известным учёным, Заслуженным деятелем РК, доктором педагогических наук, профессором Болатом Абдикаримулы на тему: «Национально-культурные ценности».

Профессор в своём выступлении доступно раскрыл вклад кочевников в мировую цивилизацию. Учёный выделил этапы и особенности важных периодов развития нашей истории и вклад мыслителей данного периода в образование. Он отметил, что в основе этнопедагогического подхода лежит убеждение в том, что человек живет в конкретной социокультурной среде, принадлежит к определенному этносу. Если общечеловеческое является базисным положением, обусловливающим формирование личности, то национальное – специфическим его отражением как особенного. Без национального как «без почвенного, без корневого» нельзя серьезно говорить о воспитании как вечной человеческой деятельности, ибо «национальное в человеке коренится глубже всего» (Аль Фараби, Авиценна, М.Кашгари, Ю.Баласагуни).

Болат Абдикаримулы подчеркнул, что национальная культура придает специфический колорит среде, в которой воспитывается ребенок. Задача педагогов в связи с этим состоит в том, чтобы, с одной стороны, изучать, формировать эту среду, а с другой — максимально использовать ее воспитательные возможности.

Интересные факты биографии Абая Кунанбаева были колоритно, эмоционально, ярко представлены профессором. Например то, что выдающийся поэт и мыслитель, великий зачинатель культуры, достойной бессмертия, Абай не только сумел освоить идеи устного творчества своего родного народа, классического наследия культуры Востока, России и Европы, но и сумел переработать их в духе требований своего времени и в соответствии с окружающей его действительностью. Философия Абая, как и любого мыслящего деятеля исторического прошлого, никак не может быть подведена под заранее определённую схему. Говорили и писали, что Абай деист, рационалист, материалист метафизического толка, материалист, допускающий теологические отступления и т.д., но на самом деле ни одно из этих определений не соответствовало действительности. Мыслитель настойчиво доказывал, что не слепая вера в Аллаха, - а только истинная вера – иман, освещённая светом разума, способна открыть путь к сердцу человека и направить его прямой дорогой к свершению добра, любви и справедливости. Болат Абдыкаримович выделил 5 энциклопедических по содержанию советов великого Абая, чему должна подражать современная молодёжь и чего должна остерегаться. Основанные на изучении трудов прогрессивных педагогов и национального опыта народной педагогики педагогические взгляды мыслителя соответствовали уровню развития современной ему науки, а во многих случаях и опережали её.

Выступление профессора дополняли мастерски сделанные слайды, раскрывающие культурные ценности народа. Студентам было интересно слушать мягкую, свободно переходящую в речетатив, затем в эмоциональный призыв, задушевную речь профессора. Интересно поставленные проблемные вопросы, отдельные суждения вызвали оживлённую дискуссию в конце выступления.

- Мне очень понравилась лекция, я много взяла для себя, ведь сколько не читаешь, всегда остаются проблемы для обсуждения, - говорит доктор философских наук, профессор Бегалинова К.Г.

- Прекрасная лекция и великолепное умение преподносить материал! Я думаю, что необходимо отдельно организовать такую познавательную лекцию и для преподавателей, - делится кандидат педагогических наук Нуржанова С.А.

Содержательность, изобилие исторических, интересных, малоизвестных фактов в выступлении отметили и преподаватели кафедры «Профессиональное образование» Бекбаева Ж.С., Кочкорбаева Э.Ш., Оспанова Ш.К.

Следует отметить, что в нашем университете становится традицией – выступление опытных учёных на актуальные темы современного образования и их последующее обсуждение.

**Баубекова З. Д.,**
**доцент кафедры ПО.**

# ДЕНСАУЛЫҚ КЕПІЛІ – ЖАСЫЛ ЖЕЛЕК



Қазіргі урбанизацияланған үлкен қалаларда жылу қазандары, техниканың көбеюі ауаны ластап, күкірт қышқылын, қорғасын қосындыларын тағы басқа химиялық улы заттарды көбейтіп шығаруда. Осы айтылған зиянды газдардың әсері, адамдарды ауруға шалдықтырып, денсаулығын әлсіретіп, өмір шеңберін қысқартуға әкелу молаюда.

Қоршаған ортаны таза сақтау жолы өндіріс мекемелері орналасқан аудандарды, спорт кешендерін көбейтіп көгалдандыру басты шаралардың бірі болып саналады. Еліміз қорғанды, жеріміз орманды, халқымыз дәулетті, тұрмысы сәулетті, өмірі ұзақ болу үшін, бірінші байлық – денсаулық екені сөзсіз. Осыған орай біздің Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті білікті, білімді, ең бастысы денсаулығы мықты, қайратты азаматтарды шыңдауға толық мүмкіндік жасап отыр. Білім ошағы спорт кешенінің алаңында 10824 м2 жерді қамтитын аумағына ағаш-бұталардың 10 түрі отырғызылған.

Ағаштардың жапырақтары адамдарға зиянды көмірқышқыл газдарын тазалап, жаздың алты айында 9 млн. куб метр оттегін спорт алаңына бөліп шығарады. Бұл таза ауада жаттығу жасап, жеңіл иондарды жұтып жүрген спортшыларға қуат құйылып, төзімділікке шынықтырады. Отырғызылған ағаш-бұталардың габитусы, яғни сыртқы пішіні әдемі конус, пирамида, шар тәрізді икемделген, терек, аққайың, шырша, тал тартымды және хош иісті гүлдеудің әртүрлігі: Сібір алмасы, жұпар гүл - ақ, көк, сары, қараған жиде, мойыл, ағаш-бұталары жанға жағымды әсер, ойға шабыт беріп еңбекке қабілеттілікті молайтады.

Спорт алаңының төрт жағына отырғызылған бірінші дәрежелі, биіктігі 25 метрге дейін өсетін қайың, терек, шырша ағаштары жел қай жақтан соқса да алаң тыныштықта болып, жаттығушыларға қолайлы жағдай жасайды. Осыған орай бұл ағаш түрлерінің бұтақтары ұзын сиремей, жайқалып өсуіне және қоректену көлеміне байланысты ара қашықтығы 4 метрден кем болмағаны өмір шеңберін ұзартып, көп жасап, таза ауаны молайтады. Көш жүре түзеледі деген қағиданы басшылыққа алып, озық технологияларды қолданып, қазіргі заманның сұранысына сай стадион алаңының құрылысын, ағаштардың фитонциді, кесек топырақты қарағай, шырша түрлерімен толықтырып, топырағы ауаны шаңдатып бос жатқан футбол алаңына жасыл төсеніші құру, себу, кешеннің айналасына гүлзар өсіру ландшафттық эстетикалық көркейту, тазалықты сақтау шараларын жүргізіп, мәдениеттілік деңгейін жоғарылату мәселелерін қолға алатын уақыт жеткен сыңайлы. Университеттің бүгінгі және ертеңгі студенттері спорт алаңын көркейтуді, тәжірибе сабағында және ғылыми жұмыстар жүргізу объектісіне айналдырып, таза ауа жұтып, жаттығумен шынығып, адал еңбекпен, заманымызға лайықты тұрмыс құрып қазақ жерін жасыл елге айналдыруға өз үлесін қосатыны сөзсіз. Әрбір адам өзіне қажетті оттегін беретін ағаштарды өсіру мөлшері 30-50 м2. Міне, күннің көзі жарқырап, өзен сулар сарқырап, көктем келді жылынып, тал егейік жұмылып!

**Қ.Омаров,**
**Қазақстанға еңбегі сіңген**
**орман өсіруші, ҚазАТУ-дың доценті**

# Учись принимать решения!



**Юность - это время постоянного поиска и экспериментов. К сожалению, эти эксперименты зачастую включают в себя опасный секс и употребление наркотиков. Одним из последствий этих экспериментов может явиться ВИЧ-инфекция.**

Наиболее сильно эпидемия СПИДа коснулась молодых людей, не достигших 25 лет. Каждый четвертый из людей, живущих с ВИЧ, моложе 21 года. Большинство инфекций, передаваемых половым путем, встречаются у подростков чаще, чем у взрослых.

Молодые люди решают заниматься сексом по разным причинам: - они хотят, чтобы к ним хорошо относились; - это приятно. Все считают, что это «круто»; - проще заняться сексом, чем сказать «нет»; -хочется почувствовать близость к другому человеку; - они влюбились; - они хотят поэкспериментировать; - у них слишком много гормонов.

Главная проблема состоит в том, что секс быстро заканчивается, а такие неприятные последствия как ВИЧ-инфекция или нежелательная беременность остаются. Для многих молодых людей то, что происходит сейчас важнее того, что может случиться в будущем. Тем не менее, ответственность за свое поведение и, в том числе, свое здоровье – это первый признак зрелости. Существуют два основных пути, которые ты можешь выбрать, чтобы защитить себя от ВИЧ. Это воздержание от секса и безопасный секс.

Любовь и секс – это НЕ одно и тоже. Любовь это чувство. Секс – это биологический акт. Все формы сексуальных контактов имеют много общего и легко поддаются описанию. Секс может включать в себя проникновение или нет.

Иногда люди принимают решение не вступать в сексуальные отношения, т. е. воздерживаться. В то же время, у подобного выбора есть свои плюсы: воздержание от секса с партнером – это самый простой и эффективный способ защитить себя от любой инфекции, передаваемой половым путем.

Воздержание бывает необходимо, чтобы защитить чувства и ценности человека. Если ты подросток, то ты сам, твоя семья, друзья и интересы постоянно меняются. Также постоянно меняется твой интерес в отношении романтических отношений, независимо от того думаешь ли ты о сексе, или нет.

Алкоголь и наркотики лишают возможности здраво мыслить, а значит, мешают принять правильное решение относительно секса. Под влиянием наркотиков или алкоголя легко принять решение, о котором, возможно, ты будешь сильно жалеть в будущем.

Первый сексуальный опыт является одним из самых значительных событий в жизни. До того, как наступит «роковой момент» не мешает разобраться в своих чувствах и знаниях о данном вопросе.

Прежде всего, следует спросить себя: Как я планирую защищать себя от ВИЧ и инфекций, передаваемых половым путем? Что я знаю о ВИЧ и ИППП? Нужна ли мне дополнительная информация? К каким последствиям для моего здоровья может привести данное решение?

О чем всегда следует помнить: Ты никогда не одинок(а). Всегда может найтись кто-то, кто может тебе помочь. Найди друга, которому ты можешь доверять, обратись к психологу-консультанту, или на телефон доверия для подростков. Некоторые даже обращаются к своим родителям. Поговори с ними.

А лучше заранее обратиться по телефону доверия в «Центр по профилактике и борьбе со СПИД» с вопросами о предохранении от ВИЧ, о последствиях рискованного поведения. Необходимо также узнать, где в твоем районе можно сдать анонимный анализ на ВИЧ, и пройти обследование по поводу других инфекций, передаваемых половым путем.

Решение о начале сексуальной жизни, возможно, станет самым главных решений в твоей жизни. Если ты еще не готов(а), тебе не следует вступать в сексуальные отношения. Никогда не поздно получить первый сексуальный опыт, это твой выбор, и никто не может давить на тебя, если ты чувствуешь, что твое время еще не пришло. Секс – это чрезвычайно приятно, но приятные ощущения длятся недолго. ВИЧ-инфекция может продлиться всю твою жизнь. И каким бы не был твой выбор, не забывай, что утром тебе придется смотреть на себя в зеркало.

Помните! Здоровье – это праздник, который всегда с тобой! Итак, друзья, вперед! Навстречу новой здоровой жизни!

**Телефон доверия «Центр по профилактике и борьбе со СПИД»: 38-07-02; 38-04-64. Обследование на ВИЧ проводится бесплатно и конфиденциально.**

**Л. Калиева,**
**социолог-педагог**
**Центра СПИД**

# Кемел білім келешек кепілі

**Кез келген елдің экономикасын көтеру үшін, ең алдымен қолда бар табиғи байлықтарды инновация мен жаңа технологияларды пайдалану арқылы игеру қажеттігін замана көші көрсетіп берді.**

Береке мен ынтымағы жарасқан бүгінгі еліміз қиын қыстау күндерін артқа тастап, жаңару мен жасампаздықтың туын желбіретіп нұрлы заманға ілгері қадам басты. Отанымыз Тәуелсіздігінің 20 жылдығында талай асуларды бағындырып, елімізді экономикалық, саяси, әлеуметтік тұрғыда жоғары деңгейде дамытып, қанатын кеңге жайғызды.

Егемен еліміз, әсіресе, ауыл шаруашылығын дамытуға басты назар бөлуде. Оған біршама себептер де баршылық. Адам баласы өмір сүруін тоқтатпау үшін және денінің сау болуын қаласа ең алдымен ағзасына азық болар, таза әрі дәрумендерге бай ауылшаруашылық өнімдерін тұтынуы қажет-ақ.

Елбасымыз биылғы халыққа жолдауында: «Ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігі 2014 жылға қарай 2 есеге, 2020 жылға қарай – 4 есеге ұлғаяды» - деп нақты жоспар қойған еді. Сондай-ақ, аграрлық секторда мал шаруашылығын дамыту жөнінде баға жеткізгісіз жоба іске асырылатын болады. 2016 жылы етті экспорттау 60 мың тоннаны құрап, бұл тұрғыда 4 миллион тонна астық экспортымен теңеседі. Мемлекет бұл мақсатқа кредиттік ресурстардан 130 миллиард теңге бөледі. Бұл ауылда 20 мыңнан аса жұмыс орнын ашуға мүмкіндік туғызады, 100 мыңнан астам ауылдықтарға кіріс көзін ұсына алады. Мемлекет басшысы шикізат емес, дайын өнімді секторды дамыту мақсатында Үкіметке энергетикалық тиімділіктің кешенді жоспарын әзірлеуге және бекітуге тапсырма берді.

2010 жылдың қыркүйек айында С.Сейфуллин атындағы білім ордамыздың Энергетикалық факультеті «Ауыл шаруашылығын энергиямен қамтамасыздандыру» мамандығына 1 курс студенттерін қабылдаған еді. Ешқандай өнеркәсіп, ауылшаруашылық кешендері, техника мен құрылыс электр энергиясыз өмір сүре алмайтыны баршамамызға белгілі. Ендеше, осындай мамандықтардың біздің университетімізде ашылуы көңілге қуаныш ұялатар жаңалық деп білемін. Жаңа мамандық «Электр жабдықтарын пайдалану» кафедрасына қарасты болған соң, мен кафедра меңгерушісімен жүздесіп, пікір сұрағанды жөн көрдім.

Кафедраны 2003 жылдан бастап басқарып келе жатқан факультеттің дарынды түлегі, ҚР білім озаты, «ҚР ЖОО үздік оқытушысы» атты Республикалық гранттың иегері, 2005 жылдан бастап ҚР білім және ғылым министрлігі қарамағындағы энергетика мен физика бойынша сарапшы кеңес төрағасының орынбасары болып тағайындалған т.ғ.д., профессор А.Х.Тілеуов ағамызбен сұхбаттасқанымда мамандық былтырғы жылы қайтадан ашылғанымен, осыдан 16 жыл бұрын университет қабырғасында осы саладағы мамандарды түлетіп шығарғанын айтқан еді.

**- Асхат Халелұлы 16 жыл жабылып тұрған бұл мамандықты жаңадан ашуға не себеп болды?**

- 90 жылдардағы қаңырап қалған ауыл жағдайы халықты өз бақытын қаладан іздеуге итермеледі. Ауылдардағы жұмыс орындары жабылып, заманында Республиканы ет-сүт өнімдерімен, нан, жеміс-көкөнісімен бір өзі қамтамасыз еткен ауыл кәсіпорындары тоқырауға түсті. Әлбетте, бұл салада мамандарға деген сұраныс та күрт төмендеді. Ал бүгінгі таңда Елбасымыздың ауылшаруашылық саласын қарқынды дамыту жөніндегі тапсырмасын орындау мақсатында Білім және ғылым министрлігі осы мамандықтағы кадрларды дайындауда 32 жылдық тәжірибемізге сүйеніп, біздің факультетке жүктегені көрегендік деп білемін. Негізінен біздің мамандық Қазақстанда тек біздің қара шаңырақта ғана ашылып отыр. Және бұл мамандық иелері тек қана ауыл шаруашылығын ғана емес, сонымен қатар өнеркәсіптерді, қалалық кәсіпорындарды да электр энергиясымен қамтамасыз етуде қызмет ете алады. Біздің түлектер кең байтақ Отанымыздың, туып-өскен ауылдарын, ауыл шаруашылығы мен экономикасын, халықтың әлеуметтік халахуалын көтереді деген сенімдеміз.

**- Құрметті профессор тұшымды әңгімеңізге рахмет! Алтын бесік – ауылдарымыз тек көркейе берсін. Еңбегіңізге жеміс, деніңізге саулық, шығармашылығыңызға толағай табыстар тілеймін.**

**С. Смағұлов, энергетикалық факультеттің 3 курс студенті «Жас түлек» шығармашылық клубының мүшесі**







# PRO 100 geniu

**Недавно в Казахском национальном университете им. аль Фараби прошел финал первой Международной олимпиады по маркетингу с участием 12 команд из всех ведущих вузов республики и ближнего зарубежья.**

Первый тур был отборочный, во время его проведения отсеивались слабые команды, к финалу были допущены только лучшие. Команда нашего университета «PRO 100 genius» не новичок в этих соревнованиях. Год назад команда студентов экономического факультета в составе: капитана команды Александра Луцко, Динары Аягановой и Мадины Бляловой, под руководством заведующего кафедрой «Маркетинг», с проектом национального фаст-фуда «NOMAD FOOD», была удостоена номинации «Самый инновационный проект».

В этом году команда маркетологов претерпела небольшие изменения: капитан Александр Луцко, уже магистрант, и студентка 3 курса Динара Куанышбаева во главе с нынешним заведующим кафедрой Рустембаевым Базарханом Ергешовичем тоже блестяще показали свои познания в области маркетологии. В первом туре олимпиады наша команда заняла лидирующую позицию в рейтинге из 12 команд прошедших во второй тур. К большому сожалению, из-за недоукомлектованности команды, которая должна была состоять из 5 студентов, нам не присудили Гран-При соревнования. Тем не менее, на основании проведенных маркетинговых исследований, нашими участниками был разработан проект «LIFE STYLE» и, что более всего поразило судей и всех присутствующих – это первый в Казахстане студенческий информационно-развлекательный журнал «Student's Life». Неординарность и интерактивность выступления принесли свои плоды – команде «PRO 100 genius» присвоили номинацию «Самая лучшая презентация».

Помимо этого, капитан команды – Александр Луцко, презентовав перед корифеями отечественного PR-цеха журнал «Student's Life», занял первое место в секции «PR-презентация» и был приглашен к участию в Международном PR-форуме, который пройдет в городе Алматы в середине мая текущего года.

# Ұлағатты ұстаз

**Білім беру мәселесі қай қоғамда болмасын маңызын жоғалтпайтын аса құнды ұғым. Білім-ғылым, өнеге, тәрбие, мектеп жайлы сөз бола қалса әркімнің есіне мұғалімі оралары сөзсіз. "Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға" деп Абай атамыз айтқандай, ұстаз еңбегінің қыр-сыры мол, қиын да жауапты, шығармашылық еңбек екендігін баршамыз мойындаймыз. Ұрпақтың ұлы мұраты жолында талмай еңбек етіп жүрген аяулы ұстаздарымыздың бірі, «Кәсіптік білім беру» кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Есекешова Марал Дүйсенейқызын әңгімеге тартқан едік.**

**- Әңгімені сіздің балалық шағыңыздан бастасақ...**

- Қызылорда облысы Арал ауданы Сексеуіл кентінде 1968 жылы дүниеге келгем. Отбасымыз көп балалы болды, 7 бала болдық. Туған ауылын, балалық шағын, құлын-тайдай тебісіп өскен құрбы-құрдастарын сағынбайтын жан жоқ шығар, сірә.

Мен үшінші сыныпты Құмсағыз разъезінде аяқтадым. Төртінші сыныпты Сексеуілдегі теміржол мектеп-интернатында жалғастырдым. Қайран балалық, ауылдан ұзап шықпаған, әке-шешенің қамқорлығымен өскенмін. Интернатта жатып өту де үлкен сынақ болды. 8-ші сыныпты 1983 жылы аяқтадым. 1983 жылы Ақтөбе облысындағы училищеге оқуға түсіп, 4 жыл оқыдым. Сосын 2 жыл Ақтөбе қаласындағы №77 балабақшада жұмыс істедім. 1991 жылы Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтына оқуға түсіп, қызыл дипломмен тәмамдадым. Студент кезімде жастар отрядының жетекшісі болдым. Бір группада 30 қыз оқыдық. Жақсы жұмыс жасағандықтан сол кездері Белоруссияға жолдама алдым. Аспирантурада 3 жыл оқыдым. Сосын университетте жұмыс істедім. Қазақ агротехникалық университетіне 2007 жылы келдім. 1 жыл өткен соң кафедра меңгерушісі болдым.

**- Студенттік шағыңыз қайда және қалай өтті?**

Ақтөбе облысында студенттік шағым қызықты өтті. Себебі студенттік шақ - әрбір адам өміріндегі қайталанбас кез. Студенттік шақтың әрбір кезі өзіндік ерекшеліктерін есте қалдырады. Студент кезімде оркестрге қатысатынмын. Студент кезімде студенттер отрядымен Астрахань қаласында болдым. Студенттік шағым мәңгі жадымда сақталған.



**- Балалық шағыңыздағы арман-тілектеріңізге қаншалықты қол жеткізе алдыңыз?**

- Әрбір адам баласының балалық шақта арман-тілектері болады. Әрине, мен өзім 8-ші сынып оқып жүрген кезімде әдеби шығарма жазарда мұғалім болуды армандаған едім. Балалық шағымдағы арман-тілектеріме қол жеткіздім деуге де болады.

**- Арманыңызды білуге бола ма?**

- Арманым өте көп. Аллаға шүкір, армандарым орындалуда.

**- Шаршағанда қайда демаласыз?**

- Көбінесе үйде демаламын. Волейбол, баскетбол ойнаймын. Кітап оқимын. Күйлер тыңдаймын. Өз басым күй тыңдаған кезімде шаршағаным білінбей қалады. Күйлердің ішінде көбінесе термелер тыңдаймын. Домбыра шертем.

**- Өмірде үлгі тұтатын адамыңыз бар ма?**

- Әрине, бар. Ұстаздарым: ғылыми жетекші профессор Момынбаев Байзақ Көпірұлы; педагогика ғылымдарының докторы, профессор Болат Әбдікәрімұлы.

**- Шәкірт жетістігі – ұстаз мерейі. Мақтан тұтар ізбасарларыңыз көп пе?**

- Көп. Ақтөбе, Астанада мақтан тұтар ізбасарларым көп. Магистратура бітірген Ташкенбаева Жұлдыз деген қызым Республика конференциясында I орын алған және Сайымбетова Жанар, Наушабекова Назгүл деген қыздарым жүлделі орын алған. Мақтан тұтар Тастанбекова Нұрсәуле, Оспанова Шынар, Мағзұмова Гүлжан деген магистранттарым да бар. Олардың ізденістері өте мол.

**- Жылдың қай мезгілін жақсы көресіз?**

- Жылдың төрт мезгілінің ішінен жаз бен көктем мезгілін жақсы көрем.

**- Алдағы жоспарларыңыз қандай?**

Алдағы жоспарларым өте көп. Шетелге және Меккеге бару. Студенттерді ғылыми жобаға дайындау және олимпиадаларға қатыстыру. Монография жазу.

**- Шығармашылығыңызда қандай өзгерістер болып жатыр?**

Өзгерістер көп. Кітаптарды болашақ жастарға арнап "Имандылыққа тәрбиелеу" атты монография шығару. Монографиямды жастардың тәрбиесіне арнамақпын.

**- Әйел өзін толыққанды бақытты сезінуі үшін не қажет деп деп ойлайсыз?**

- Менің ойымша, ең бастысы имандылық, адамгершілікті болу және болашақ жастарға үлгілі әрі тәрбиелі болу. Тәрбие беру.

**- Жуырда алған грантыңызды қандай мақсатқа жұмсамақ ойыңыз бар?**

- №7 балаларға арналған үйіне қайырымдылық қорына көмектесу. Монография мен кітап шығару және тағы басқа.

**- Әңгімелескеніңізге көп рахмет. Әрқашан да биік жетістіктерден көре берейік. Кафедраңызға қоян жылы мол табыс, жеміс әкелсін.**

- Сізге де рахмет. Сіздердің де журналистика курсына мол табыс тілеймін. Қаламдарыңыз ұштала берсін.

**Сауалнаманы жүргізген агрономия факультетінің 1 курс студенті Мейірімгүл Тимурқызы**

# АШЫҚ ЕСІК КҮНІ



**Жақында С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінде Астана қаласы мен Ақмола облысының жақын аудандарындағы орта мектептердің 9 және 11 сынып оқушыларына арналған Ашық есік күні шарасы өткізілді.**

Кездесуге Астана қаласы мен Ақмола облысының жақын аудандарынан 54 мектептің 435 оқушысы қатысты. 9 сынып оқушылары былтырғы жылы университет жанынан ашылған колледж мамандықтары жайлы ақпарат алмасты.

Кездесу барысында оқушылар жоғары оқу орындарына түсу тәртібі, мемлекет тарапынан бөлінген білім гранттары саны бойынша және университеттің мамандықтары мен қалыптасқан ерекшеліктері жөнінде толыққанды мәлімет алды. Оқушылар өздерін толғандыратын сауалдарын қойды. Ашық есік күні шарасы университет Басқарма төрағасының бірінші орынбасары А.М.Әбдіровтың басқаруымен өтті. Кездесуге факультет деkандары мен кафедра меңгерушілері қатысып, түлектердің қызығушылығын тудырған мамандықтардың біліктілік сипаттамаларына тоқталып, сауалдарына жауап берді. Оқушыларға университет тарихы және жетістіктері туралы бейне фильм көрсетілді.

**Жансұлу Жанәділ, Журналистика курсының тыңдаушысы**



# МЕЖДУНАРОДНАЯ СТАЖИРОВКА

Одним из этапов подготовки магистров научно-педагогического направления является зарубежная стажировка в ведущих университетах мира, финансирование которой осуществляется из государственного бюджета. В рамках данной стажировки, в 2011 году с 27 марта по 6 апреля магистранты КАТУ им.С.Сейфуллина Абильмагжанов А.Б., Агмашев А.О., Халикова А.С., Аманкельды Д., Болат А., Жупархан Б., Джорашев Д.А., Исенов К. Г., прошли стажировку в Саратовском государственном аграрном университете им. Н.И.Вавилова РФ.

Федеральное государственное образовательное учреждение высшего профессионального образования «Саратовский государственный аграрный университет имени Н.И.Вавилова» является одним из крупнейших ведущих учебных заведений по подготовке специалистов для агропромышленного комплекса Саратовской губернии, Поволжского региона и других субъектов Российской Федерации.

Университет включает в себя 12 факультетов, 2 филиала, лицей-интернат естественных наук, аспирантура и докторантура, три библиотеки, издательство. В состав вуза входит институт дополнительного профессионального образования кадров АПК, учебно-научно-производственный комплекс «Агроцентр», учебно-производственное подразделение «Агроэкспоцентр», технопарк «Волгоагротехника», Ветеринарный госпиталь, информационно-консультационная служба «ПОИСК».

Ко времени нашего прибытия в г. Саратов для прохождения стажировки, сотрудниками Международного отдела СГАУ им. Н.И.Вавилова была составлена программа прохождения стажировки, которая включала в себя: ознакомление с историей университета, посещение факультетов, посещение и ознакомление с библиотеками вуза, лекционных занятий, посещение музеев университета, экскурсии по учебным корпусам, посещение студенческого клуба, так и ознакомление с достопримечательностями города, посещение театров, памятников культуры и городских парков.

Согласно плану стажировки, магистранты были разделены по специальностям и закреплены на кафедрах соответствующих факультетов. Руководителями практики от университета были назначены заведующие данных кафедр.

За время стажировки магистрантами специальности 6N0701-Биотехнология были прослушаны лекции профессоров кафедры Щербакова А.А., Карпуновой Л.В; доцентов Иващенко С.В., Назаровой Л.С., а также ознакомительные и экскурсионные лекции преподавателей и ассистентов кафедры.

Не была забыта и культурно-воспитательная программа – магистранты нашего вуза были приглашены в музей имени А.Н. Радищева, где в рамках года Испании в России проходила выставка полотен Сальвадора Дали.

В воскресенье, 3 апреля, университет организовал экскурсию в парк Победы, расположенный на «Соколовой горе». В парке очень богатая экспозиция военной и сельхоз техники, имеется «Музей Боевой Славы». В тот же день мы посетили балет « Лебединое озеро» в Саратовском театре оперы и балета.

В целом стажировка проходила насыщенно и интересно, в результате были приобретены представления и навыки о соответствующих специальностях. Надолго запомнилось теплое и дружелюбное приветствие профессорско-преподавательского состава и коллектива СГАУ им. Н.И.Вавилова.

В свою очередь Нам хотелось бы поблагодарить руководство КАТУ им. С.Сейфуллина за предоставленную возможность в получении колоссального опыта и массы хороших впечатлений.

**Магистранты 2 курса**

# ДӘРУМЕНДЕР МЕН МИНЕРАЛДАРДЫҢ ПАЙДАСЫ



**Адам ағзасына келіп түсетін органикалық текті заттектер арасында ағзаның қалыпты өміршеңдігі үшін микродозаларда қажет болатын микроутриенттер атап көрсетіледі, оларға дәрумендер мен минералдар жатады.**

Дәрумендердің адам ағзасының қалыпты өмір сүруін қамтамасыз етудегі рөлі маңызды. Олар ағзаның тірі құрылымдарының түзілуі және үнемі жаңарып отыруы кезіндегі және зат алмасуды реттету кезіндегі химиялық реакциялардың биокатализаторлары болып табылады. Адам ағзасына 13 дәрумен қажет. Майда еритін A, D, E, және K, суда еритін B тобының 8 дәрумені мен C тобының дәрумендері. Бұл өмірлік маңызы бар дәрумендер, олардың әрқайсысының өзіне тән атқаратын рөлі бар, алайда олар барлығы бірге жасушалық деңгейде ағзаның қалыпты қызмет атқаруын қамтамасыз етеді.

Минералды заттектер пластикалық материал рөлін атқарып, тірек тіндер құрамына кіреді. Негізгі элементтері кальций мен фосфор болып табылатын сүйектің құрылымында олар өте маңызды рөл атқарады. Минералды заттектер ферменттер мен гормондар құрамына кіреді, зат алмасу, қан денешіктерінің түзілуі және қанның ұюы процестеріне қатысады. Минералдар мен минералды заттектер ағзаның басты жүйелерінің қалыпты жұмыс жасауын қамтамасыз етеді. Минералдар адам ағзасына тең мөлшерде қажет етілмейді. Олардың жетіспеушілігі немесе толығымен болмауы қауіпті ауруларға, тіпті өлімге алып келеді.

Әрбір адам өз ағзасының қалыпты қызмет атқаруын қамтамасыз етудегі дәрумендер мен минералдарың рөлін бағалай білуі қажет.

**Ақерке Хұрметбек,**
**агрономия факультетінің**
**1 курс студенті**

# ТАҢҒЫ АС ТУРАЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ?

**Шамамен сегіз сағаттық ұйқы кезінде ағза сусыз және тамақсыз қалады. Осы уақыт ішінде біз ашығып үлгереміз, сондықтан күн бойына күш жинап алу үшін таңертең ағзаның «қуат қорын» міндетті түрде пайдалы аспен толтырып алу қажет.**

Мамандардың айтуынша сіздің бар уақытыңыз минутына дейін жоспарланып қойылған болса да немесе сіз бірнеше артық килограмды тастағыңыз келген болса, таңғы асты жүре жеу немесе таңертең мүлдем тамақтанбау бұған көмектеспейді. (Ханымдардың құлағына алтын сырға) Шынына келгенде, мезгілсіз тамақтану және таңғы асты жемеудің салдары денсаулыққа зиянын тигізуі мүмкін. Күн сайын таңғы ас ішетін адамдар таңғы ас мәзірін жиі ауыстырып отыру қажет. Бірақ оны студенттердің қалтасы көтермегендіктен асқазан ауыруына ұшырап жатады. Әрбір күніңіз таңғы астан басталу қажет!

**Айткожина Бағаш**
**Журналистика курсының**
**тыңдаушысы**

**РЕДАКТОР**
Бақытгүл Абайқызы
**ДИЗАЙН ЖӘНЕ БЕТТЕУ**
Айсұлу Исмаилова

**МЕКЕНЖАЙЫ:**
Астана қаласы, Жеңіс даңғылы, 62
С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ
тел: 31-75-64; 39-57-07

Газет ҚазАТУ баспаханасында басылды.
Газет ай сайын шығады. Таралымы 1000 дана.

Газет Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тіркеліп, №1106-Г тіркеу куәлігі берілген. Редакция жариялауға ұсынылған материалдарды рецензияламайды. Жарияланымдардың мазмұны мен суреттердің сапасына жауап бермейді.